

## В КазНУ открыт Институт устойчивого развития имени Пан Ги Муна

17 мая 2018 года на платформе Астанинского экономического форума (АЭФ) в Астане КазНУ им. аль-Фараби открыл Институт устойчивого развития имени Пан Ги Муна. Это решение было объявлено по итогам успешной руководящей деятельности университета в области устойчивого развития.

*Торжественная церемония открытия*

*«Института Устойчивого развития им. Пан Ги Муна»*

*КазНУ им. аль-Фараби*

*г. Астана 17.05.2018 г*



В рамках мероприятий АЭФ ректор КазНУ академик Галым Мутанов презентовал международному академическому сообществу концепцию и направления работы Института устойчивого развития. Он отметил, что благодаря активной деятельности Пан Ги Муна в должности Генерального секретаря были инициированы глобальные проекты ООН – программа «Академическое влияние», программы по устойчивой энергетике и другие, а также определены Цели устойчивого развития человечества.

КазНУ им. аль-Фараби, стал членом, а затем одним из десяти глобальных хабов Программы ООН «Академическое влияние» и внес заметный вклад в реализацию Целей устойчивого развития на многих международных площадках, включая платформу «G-Global».

«Большую поддержку в деятельности КазНУ во главе глобального хаба оказывает идейный вдохновитель создания Программы ООН «Академическое влияние» восьмой генеральный секретарь ООН Пун Ги Мун. Мы признательны за помощь и согласие дать его имя открываемому Институту, это почетно и ответственно», – подчеркнул ректор Галым Мутанов.

«Для меня большая честь работать вместе с таким университетом как КазНУ им. аль-Фараби. Его передовой

опыт мирового координатора академического сообщества по вопросам устойчивого развития эффективен, востребован и высоко ценится в ООН. Это признанный лидер в деле продвижения инициатив ООН, направленных на решение вызовов тысячелетия. И то, что его полномочия возглавлять глобальный хаб продлены до 2020 года свидетельствует о большом доверии ООН», – сказал Пан Ги Мун.

Он также подчеркнул, что это успех для всего Казахстана и еще раз подтверждает о растущем мировом авторитете страны и национального вуза. На встрече ректор Галым Мутанов и Пан Ги Мун скрепили подписями намерение о сотрудничестве и совместной работе в деле продвижения деятельности Института устойчивого развития КазНУ.

«Мы рады, что в Казахстане, в ведущем вузе – КазНУ им. аль-Фараби, открывается Институт устойчивого развития. Наше сотрудничество выходит на качественно новый высокий уровень, всецело отвечает интересам ООН и международного сообщества в решении мировых проблем человечества», – отметил генеральный директор Института глобального участия и расширения прав и возможностей Университета Ёнсе Мёнгей Сон.

ПРЕСС-СЛУЖБА

## КАЗНУ ВОЗГЛАВИЛ РЕЙТИНГ ЛУЧШИХ ВУЗОВ РК

Независимое Агентство аккредитации и рейтинга (НААР) определило лучшие вузы Казахстана. В данном рейтинге первую позицию занял Казахский национальный университет имени аль-Фараби, который набрал самое большое количество баллов.

*Продолжение на 2 стр.*

## МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР АЛАҢЫ

Кезекті ректорат қалыптасқан игі дәстүр бойынша үздік студенттерге шәкіртақы табыстаумен басталды.

Қытайтану кафедрасының 6 студенті жалпы 16000000 соманы құрайтын шәкіртақыға ие болды. Ал халықаралық қатынастар факультетінің 46 студенті жалпы сомасы 33 970000 соманы құрайтын шәкіртақымен марапатталды. 2 850000 соманы құрайтын шәкіртақы биологтар кафедрасының 8 студентіне бұйырды. Ал «Дінтану» мамандығының 3-курс студенті Алтайбай Алтынай Конрад Аденауэр шәкіртақысына ие болды, студент бес ай көлемінде 70 мың теңгеден қаржы алып тұрады. Сондай-ақ «Нәзір Төреқұлов» халықаралық қорының президенті Әбдіжапар Сапарбаев ректорат мәжілісіне қатысып, мемлекет және қоғам қайраткері Нәзір Төреқұловтың 125 жылдығы аясында ұйымдастырылған көпшілік-мәдени іс-шараларда жоғары азаматтық белсенділігімен ерекшеленіп, еліміздің қоғамдық өміріне өзіндік үлес қосқаны үшін ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтановты арнайы медальмен және алғысхатпен марапаттады.

Салтанатты сәттен соң күн тәртібіндегі негізгі тақырыптар аясында Стратегиялық даму орталығының процестік менеджмент секторының жетекшісі Гүлшат Минажеваның мамандарды дайындау деңгейлері мен бағыттары бойынша ҚР Ұлттық жоғары оқу орындарының 2018 жылғы рейтингісінің нәтижелері қаралды.

Гүлшат Салауатқызының хабарлауынша, «Егемен Қазақстан» газетінде Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігінің қорытындысы шықты. ҚР жоғары оқу орындарының бас рейтингінде 20-топ көрсеткіші бойынша ҚазҰУ көш бастап тұр. Университет институционалдық мамандар дайындауда гуманитарлық ғылым, құқық, әлеуметтік ғылымдар мен экономика және бизнес, жаратылыстану ғылымдар және техникалық ғылымдар бойынша оқ бойы озып, алдыңғы қатарлардан көрініп тұрғандығын жеткізді. ЖОО-лар арасында білім беру бағдарламаларының деңгейлеріне сәйкес мамандарды даярлауда да ҚазҰУ бакалавр, магистратура, докторантура бойынша жоғары көрсеткіштерге ие.

*Жалғасы 2-бетте*

### БҮГІНГІ САҢДА:

**ВАЖНОЕ  
ВЗАИМОДЕЙСТВИЕ**



**ЖҰМЫС  
БЕРУШІЛЕРМЕН  
ЖҮЗДЕСУ**

3-бет



**МОДЕРНИЗАЦИЯ 4.0.  
НАУКА И ПРАКТИКА.**

4-стр.



2-стр.



**На базе КазНУ им. аль-Фараби откроется Казахстанско-Катарский научно-образовательный центр. Об этом была достигнута договоренность во время встречи ректора КазНУ Галыма Мутанова с президентом университета Хамад бин Халифа Ахмадом М. Хасна.**

## ВАЖНОЕ ВЗАИМОДЕЙСТВИЕ

■ ҚЫСҚА-НҰСҚА



обмене опытом по интеграции в международное научное-образовательное пространство.

Члены делегации высоко оценили достижения и темпы развития КазНУ, уровень образовательного и научно-исследовательского потенциала. Также было отмечено, что выбор для установления партнерских отношений с КазНУ был очевиден. Университет является лидером национального рейтинга и входит в топ-250 лучших вузов мира, активно работает по вопросам исламского финансирования

с Национальным банком РК, Парижской торгово-промышленной палатой НЕС (Франция).

В ходе визита стороны отметили обсудили перспективы сотрудничества в сферах IT-технологий, биомедицины, кибербезопасности, возобновляемой энергии, а также реализации совместных двухдипломных магистерских программ.

ПРЕСС-СЛУЖБА

**Заместитель акима Алматы Мурат Дарибаев посетил КазНУ и ознакомился с работой центра обслуживания студентов «Керемет», технопарка и зоны «Зеленых технологий» университета.**

Ректор КазНУ Галым Мутанов рассказал гостю о реализации проектов по созданию международного высокотехнологического медицинского центра и строительстве студенческого общежития на 1287 мест.

«Главной стратегической задачей создания медицинского центра, является снижение уровня заболеваемости и смертности населения, содействие здоровому образу жизни казахстанцев. Студентам и аспирантам учебных заведений будет предоставлена возможность использовать свои теоретические знания и повышать практические навыки. Профессорско-преподавательский состав медицинского факультета будет проводить научные исследования, разрабатывать и применять на практике инновационные методики лечения», – сказал ректор.

ПРЕСС-СЛУЖБА

\*\*\*

**ҚазҰУ-да «Корей түбегінің бейбіт болашағы және Кореяның бірігуіндегі диаспораның ролі» атты халықаралық ғылыми форум болып өтті.**

Форумды ұйымдастыруға Кореяның бірігуі жөніндегі министрлік, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Қазақстан корейлері ассоциациясы, Кённам университетінің Қиыр Шығыс мәселелері бойынша ҒЗИ мен Кореяның бейбіт және демократиялық жолмен бірігуі бойынша Консультативті кеңесінің Орталық-Азиядағы өкілдігі тікелей атсалысты.

Форумды ашқан ҚазҰУ ректоры Ғалым Мутанов: «Қазақстандағы ұлттардың мызғымас достығы мен бірлігі – еліміздің орасан зор жетістігі. Қазақ жеріне жер аударылғанына биыл 80 жылдан аса уақыт толған корей диаспорасының Қазақстан халқының тату жанұясында өзіндік орны бар. Қазақстандық корейлер Корея түбегі мен Еуразия континенті арасындағы тұрақты көпір ролін атқарады», – деп айрықша атап өтті.

Шараның пленарлық және секциялық отырыстарында «Корея түбегі және әлем», «Кореяның бөлінуі және Корея түбегіндегі әскери іс-әрекеттер кезені», «Мульти-полярық кезеңдегі Азия», «Корея түбегі үшін бейбіт келісімге қол жеткізу», «Орталық Азиядағы диаспоралық қауымдастықтар», «1937 жылғы күштеп жер аудару туралы тарихи естелік» сияқты тақырыптар талқыланды.

БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ

\*\*\*

**В КазНУ состоялась торжественная церемония вручения сертификатов об индексации четырех научных журналов Национальной академии наук РК.**

«Вестник НАН РК», «Известия НАН РК. Серия химии и технологий», «Известия НАН РК. Серия физико-математическая», «Известия НАН РК. Серия геологии и технических наук» вошли в международную базу данных компании «Clarivate Analytics».

Управляющий директор компании «Clarivate Analytics» по России и СНГ Олег Уткин вручил сертификат об индексации «Известия НАН РК. Серия физико-математическая» главному редактору журнала, ректору КазНУ академику НАН РК Галыму Мутанову.

Данный журнал выпускается на базе КазНУ, где и располагается физико-математическое отделение НАН РК.

Департамент по науке и инновационной деятельности

Соб. корр.

Продолжение. Начало на 1 стр.

## КАЗНУ ВОЗГЛАВИЛ РЕЙТИНГ ЛУЧШИХ ВУЗОВ РК



Конкурентоспособность высшего учебного заведения на сегодняшний день оценивается его репутацией и рейтингом на национальном и международном рынках образовательных услуг, что, в конечном счете, формирует его привлекательность и востребованность.

Национальный рейтинг Независимого агентства аккредитации и рейтинга позволяет казахстанским вузам оценить уровень конкурентоспособности образовательных услуг, содействовать качественной работе вуза, а главное – привлечь большее количество обучающихся и расширить рамки привлекательности для работодателей.

Рейтинг казахстанских вузов, оценивается НААР с 2014 года и представляет собой перечень лучших университетов РК. При оценке деятельности вузов берутся во внимание несколько критериев определяющих концентрацию талантливых студентов, преподавателей и исследователей. Также берется во внимание уровень академической

мобильности студентов и профессорско-преподавательского состава, взаимодействия вуза и работодателей, качество подготовки и трудоустройство выпускников, конкурентоспособность научных публикаций ученых и студентов.

Необходимо отметить, что рейтинг НААР признан общественностью в качестве инструмента повышения конкурентоспособности вузов, способствующего росту экспортного потенциала образовательных услуг, главного ресурса, ориентирующего обучающихся в выборе дальнейшего направления личностного становления.

Заявки на участие в рейтинге НААР представили 75 вузов республики, однако в генеральный рейтинг 2018 года вошли 58 вузов, из которых 6 национальных, 21 государственных, 7 акционерных и 24 частных организаций образования.

Соб. корр.

### РЕКТОРАТ

Жалғасы. Басы 1-бетте

## МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР АЛАҢЫ

Айта кетерлігі, АРТА рейтингі 4 индикатор бойынша жүзеге асады: дарынды студенттер, оқытушылар мен зерттеушілердің жоғары деңгейі; академиялық ұтқырлық; түлектердің бәсекеге қабілеттілігі; оқытушылар мен магистрант-докторант мамандардың ғылыми жарияланымдарының жоғары деңгейі арқылы қаралатындығы айтылды.

Келесі кезекте Мансап және кәсіби даму орталығының директоры Илья Севрюгиннің білім алушылардың кәсіби практикаларын ұйымдастыру мен 2018 жылғы түлектерді жұмысқа орналастыру туралы хабарламасы тыңдалды. Аталмыш хабарламада талапкерге мамандық таңдауда дұрыс таңдау жасау мен білім беру бағдарламаларының сапасын арттыру, жоғары оқу орнында кәсіпкерлік пен бизнесті дамыту, еңбек нарығына анализ жасау үшін заманауи әдістерді қолдану жайы талданды. Студенттердің мотивациясын арттыру мақсатында шеберлік сыныптары мен ашық сабақтар ұйымдастырып, жұмыс берушілерді тарту арқылы жәрменкелерді жиі өткізу керектігі ескерілді.

Сондай-ақ жиын барысында Түлектер күнінің бағдарламасы оқытушы-профессорлар назарына ұсынылып, өзге де өзекті мәселелер қаралды.

Перизат ЖАРЫЛҚАСЫНОВА



# ЖҰМЫС БЕРУШІЛЕРМЕН ЖҮЗДЕСУ



**ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев кезекті «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауында білім берудің жаңа сапасын қалыптастыруда барлық жастағы азаматтарды қамтитын білім беру ісінде өзіміздің озық жүйемізді құруды жеделдетуді, білім беру бағдарламаларының заман талабына сай өзгерістерге үнемі бейім болу мен жаңа білімді меңгеру қабілетін дамытуы тиіс екенін ерекше атап көрсетті.**

маңызын түсінген жөн. Бұл тұрғыдан озық елдердің тәжірибесіне сүйеніп, елдегі оқу үдерісінде жүйелі түрде өзінің деңгейін өсіруге бағытталатын бағдарламалар қажет», — деп, бірлесе отырып жұмыс жасау керектігіне тоқталды.

Факультеттегі ғылыми тарих, педагогикалық бағыттағы тарих, археология және этнология, музей ісі мен ескерткіштерді қорғау, кітапхана ісі, мұрағаттану бағытында маманданатын болашақ мамандарды дайындайтын оқу бағдарламаларын білікті үйлестірушілер бакалавриат, магистратура және докторантура деңгейлері бойынша түсіндіріп, өзара тиімді курстар мен өндіріс орындарынан тәжірибеден өту мәселесіне ерекше көңіл аударды.

Жұмыс берушілердің мамандарға қоятын талаптары мен оқу бағдарламаларына қажетті курстарды енгізу мәселесі де назардан тыс қалмады. Өз тарапынан олар факультет түлектерін бос жұмыс орындарымен қамтамасыз етуге дайын екендіктерін тілге тиек етті.

Жиынның маңызды мәселелерінің бірі ретінде үш тұғырлы тіл: қазақ, орыс, ағылшын тілдерін жетік меңгеру және заман талабына сай бейімдеудің ұтымдылығы сөз болып, көп тілді, ағылшын тілдеріндегі топтарды ашу халықаралық деңгейде жақсы мүмкіндіктер беретінін негіздеді.

Елбасы жоғары оқу орындары шетелдің жетекші университеттері, ғылыми орталықтары, ірі кәсіпорындары және

трансұлттық корпорацияларымен бірлескен жобаларды белсенді түрде жүзеге асыру, тәжірибе бөлісу қажеттілігін, осы мақсаттарды іске асыруда ЖОО білім беру бағдарламаларын жасауға көбірек еркіндік беру құқығын заңнамамен бекіту керектігін қадап айтқан болатын. Жаһандану кезеңінде осы бастаманы негізге алған жиналыста факультетімізде қос дипломды бағдарлама Ыстамбұл (Түркия), Новосібір (Ресей) университеттерімен жүйелі келіссөздер негізінде жүргізіліп жатқандығы атап өтілді.

Факультет координаторы, профессор Э.Д.Телеуова жиналыс барысында университетіміздің әдістемелік кеңесі ұсынған сауалнамамен таныстырып, оның өзара тиімді жұмыстарға негізделетінін айтты. Жиында «Генетика және цитология» институтының директоры Лейла Булатқызы, «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің директоры Гүлмира Райылқызы, Алматы музейлер бірлестігінің директоры Нұрлан Дүкенбаев сөз сөйлеп, болашақтың мамандарын бірлесе даярлау, жұмыспен қамтудың маңыздылығы жөнінде пікірлерін ортаға салды. Жұмыс берушілер болашақ мамандарды бірлесе оқыту, тәрбиелеу, тәжірибе алмасу жұмыстарына қолдау білдірді.

**Н.А. ТАСИЛОВА,**  
*Қазақстан тарихы кафедрасының*  
*қауымд. профессоры, т.ғ.к.*

## «МОДЕЛЬ ООН – НОВЫЙ ШЕЛКОВЫЙ ПУТЬ»

**В КазНУ состоялась VII международная студенческая конференция «Модель ООН – Новый Шелковый Путь» (NSWMUN).**

В конференции приняли участие более 350 делегатов из 20 стран мира, включая Казахстан, Афганистан, Индию, Кыргызстан, Пакистан, Таджикистан, Узбекистан, а также студентов из США, Италии, Франции и др.

Открывая конференцию, ректор КазНУ Галым Мутанов, отметил значимость и важность проведения подобных мероприятий для молодежи. «Мы признательны представительству ООН в нашей стране, Генеральному Консульству США в Алматы, работникам МИД РК за поддержку студенческой программы, которая стала настоящим прорывным проектом молодежи. И мы гордимся, что именно нашему университету – фламану вузов Казахстана, выпала честь проводить столь ответственное и важное мероприятие международного уровня», — сказал ректор КазНУ.

«Модель ООН – Новый Шелковый Путь» стала шагом на пути к продвижению 17 целей в области устойчивого развития, а также 10 принципов Программы ООН «Академическое влияние» и к широкому привлечению студентов в решение глобальных проблем», — отметил Генеральный Консул США Марк Муди.

Следует отметить, что инициатива «Модель ООН – Новый Шелковый Путь» стартовала в КазНУ осенью 2013 года и стала национальным и региональным центром обсуждения и поиска путей решения вопросов устойчивого развития мира.

**ПРЕСС-СЛУЖБА**

**ҚазҰУ-дың халықаралық қатынастар факультетінде қазақтың тұңғыш кәсіби дипломаты Нәзір Төреқұлов атындағы мәжіліс залының салтанатты тұсау кесері өтті.**  
**Шараны Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі Қайрат Әбдірахманов пен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов ашты.**

## НӘЗІР ТӨРЕҚҰЛОВ АТЫНДАҒЫ МӘЖІЛІС ЗАЛЫ АШЫЛДЫ



Нәзір Төреқұловтың 1927 жылы 24 қарашада КСРО-ның Саяси бюросы отырысында (№137 хаттама) Хиджаз, Неджд және қосылған өңір Корольдігіне Кеңестер Одағының атынан өкілетті өкіл және бас консул болып тағайындалғандығы туралы шешім қабылданғандығы және оның 1927 жылдың 15 желтоқсанында КСРО Орталық атқару комитетінің Президумының шешімімен бекітілгені белгілі. Бұл тағайындаудың өзі сол кездегі Кеңестер Одағының жоғарғы деңгейінде, яғни мемлекет басшысы И.В.Сталиннің тікелей келісімінің нәтижесінде жүзеге асуы ұсынылған тұлғаның біліктілігі мен кәсіби қасиеттерінің талапқа сай болуымен қоса, Нәзір Төреқұловтың бұған дейінгі жауапты қызметтерінде атқарған жұмысының нәтижесі екендігін дәлелдейді. Дегенмен дипломатиялық қағида бойынша мекеме басшысына тағайындалған тұлғаның өз

қызметін бастауы үшін қабылдаушы мемлекет тарапынан келісім алу үрдісі белгіленген. Қабылдаушы тараптың оң шешімінің нәтижесінен кейін Нәзір Төреқұлов Сауд корольдігінің дипломатиялық астанасы Жидда қаласына 1928 жылдың 29 қыркүйегінде келіп, 3 қазан күні Мекке қаласында Ибн Сауд королінің ұлы Фейсал ханзадаға сенімхатын тапсырады. Осы сәт Нәзір Төреқұловтың дипломатиялық қызметінің ресми түрде басталғанының куәсі. Жана қызметте Нәзір Төреқұловтың жана іскерлік қасиеттері мен қабілеттерінің ашылуына мүмкіндік туғандығы айқын. Дипломатиялық мекеменің қызметін бір сарынға ғана салып қоймай, Кеңес Одағы мен Сауд елі арасындағы байланысты жан-жақты қамтуға талпынғандығы оның қызметінен анық көрінеді. Тіпті арабтық шығыстағы дәрігерлік жағдайдың қиыншылығында кеңестік

дәрігерлердің көмегімен қол ұшын беруді жолға қоюдың өзі қабылдаушы мемлекет тарапынан сенімділікті арттыруға әкелді.

Мемлекетаралық қатынасты жана арнада дамыту мақсатында ынтымақтастықтың шеңберін кеңейтуге ынталы екендігінің белгісі ретінде КСРО-ның Жидда қаласындағы дипломатиялық мекеменің төменгі сатысы болып табылатын дипломатиялық агенттікті бір жылғы қажырлы еңбегінің нәтижесінде дипломатиялық миссия деңгейіне жеткізуі орасан зор табыс болып табылады. Соған орай 1930 жылдың 26 ақпанында Төтенше уәкіл және өкілетті министр ретінде сенімхатын тапсыруы, осы жылы Жидда қаласындағы шет мемлекеттердің дипломатиялық корпусының дуайені ретінде танылуы — оның лауазымының өсуі мен екіжақты қарым-қатынастардың нығая түскендігін дәйектейді.

Нәзір Төреқұлов бойындағы кәсіби қабілеттерінің бірі — оның өте сауаттылығы. Техникалық жағдай әлі дамымаған кезде дипломатиялық қызметкерлердің бар құжатты қолмен және ешбір қатесіз жаза білуі әркімнің қолынан келе бермеді. Ал Нәзір Төреқұлов жайлы мәліметте оның жазуы каллиграфиялық үлгіде болғандығын айтады, яғни грек тілінен аударғанда түзу, әдемі жазу өнеріне ие болған. Тіл менгеру нағыз дипломат үшін басты қасиет десек, бұл мәселеде Нәзір Төреқұлов өз ана тілі — қазақ тілінен бөлек өзбек, татар, түрік, орыс, араб, парсы, француз және неміс тілдерін менгерген.

Шарада Нәзір Төреқұлов бейнесі жан-жақты ашылып, залды техникалық жағынан жабдықтаған университет басшылығына алғыс білдірілді. Сондай-ақ Нәзір Төреқұлов туралы деректермен қамтамасыз еткен Нәзір Төреқұлов атындағы халықаралық қайырымдылық қорының қолдауы ерекше атап өтілді.

**Амангелді ӘЛІПБАЕВ,**  
*халықаралық қатынастар*  
*факультетінің доценті*

**В КазНУ открылся Центр истории и культуры Азербайджана, приуроченный к 100-летию Азербайджанской Республики и 95-летию общенационального лидера Гейдара Алирзаоглу Алиева**



# МОДЕРНИЗАЦИЯ 4.0. НАУКА И ПРАКТИКА.

**Письмо и чтение остаются основными индикаторами человеческого существа. Мозг человека перерабатывает знаки /письменность/ и совершает поступки во многом в соответствии с получаемой информацией. Это означает косвенно, что тексты должны быть строго отредактированы, – в противном случае, это приводит к ошибочным суждениям. Отсюда, очевидна потребность в грамотных редакторах, которые востребованы даже в условиях засилья интернета, социальных сетей и СМС, с помощью которых привыкают общаться новые поколения. Грамотность не у всех людей является природным качеством, ее вырабатывают по мере чтения художественной литературы, саморазвития и т.д. Если грамотность не культивировать, то в обществе упадет уровень образованности и воспитания.**



Далее. К визуализации медиа. Известно, что страны Центральной Азии, находясь в полиэтничном окружении, испытали на себе микс языков, письменностей, конфессий. Все это выработало привычку к градации полезной информации, отбору из массива источников тех, которые отвечают этнокультурной идентичности. У казахов много поговорок, крылатых выражений на тему слова, высказанного не к месту или излишеств в речи. Словом, подготовка квалифицированных кадров обусловлена национально-культурной идентичностью и необходимостью ее поддержки. Наконец, имеет место реформа алфавита в Центральной Азии и Казахстане, в частности. Переход с кириллицы /приобретенный алфавит от русских/ на латынь /у большинства тюркских государств мира/ создает определенную квоту в профессиональных редакторах.

Степная кочевая цивилизация выработала особую чуткость к слову и его смыслу: слово у тюрков /казахов/ подкреплено цветом, как правило. Система знаков /рун/ у протоказахов, древних тюрков, представляет собой квинтэссенцию видения мира. Руническая письменность X-XII веков признана в научном сообществе; в ее дешифровке принимают участие западно- и восточно-европейские ученые /Голландия, Германия, Россия/. Реконструкция этимологии языка тюрков и тюркской письменности еще продолжается, посылное участие в исследовании тюркской письменности и эпиграфики принимали В.В. Радлов, А. Диваев, А. Байтурсинов, Е. Поливанов, С. Аманжолов, О. Сулейменов, многие другие. Ареал тюркской письменности фиксируется от Европы до Дальнего Востока /Маньчжурия/ и Северо-Восточной Азии /Саха Якутия/, следовательно, есть потребность в подготовке специалистов: редакторов и издателей печатной продукции, которые бы знали и могли показать всему миру технику изготовления книг из подручных материалов /кошма, кожа, дерево и др.

Безусловно, это ни в коей мере не ограничивает диапазон представителей других регионов, желающих получить образование на базе КазНУ им. аль-Фараби по специальности «Редактирование», «Издательское искусство» и «Дизайн». Великий Шелковый путь издревле соединял отдаленные части Евразийского материка, вместе с товарами с Востока на Запад и обратно перемещалась информация, зафиксированная на бамбуке, хлопке, льне, папирусе, пергаменте и глине. Печатный станок Гуттенберга занимает заслуженное место в истории книгоиздательства как один из этапов технического усовершенствования и тиражирования книжной продукции. Этот научно признанный факт, обмен технологиями изготовления материалов для письма состоялся гораздо раньше, чем глобализация и интернет. Вместе с тем, существовавший долгое время европоцентризм в науке о Востоке должен уступить место толерантности и аутентичности, – изучение техники изготовления книги на Востоке способен открыть новые горизонты научного представления о земных цивилизациях, вызвать необходимый интерес к Востоку с его страстью к иероглифам, минимализму в форме и – емким по содержанию символам. В нашем случае, выбор латиницы /греческий мир/ означает симбиоз цивилизаций, Запада и Востока.

Таков исторический, закреплённый источниками и многочисленными трудами востоковедов, философов, филологов, этнографов, антропологов, научный методологический фундамент образовательной программы для подготовки квалифицированных специалистов современного уровня. Сочетание фундаментальных знаний с «азами» дизайнерского искусства формирует гармоничную личность, что немаловажно в современном мире, достаточно агрессивном. Эмпирические навыки студенты получают на лекционных и практических занятиях. В процессе обучения они посещают музей книги в Алматы, художественные галереи, национальную и академическую библиотеки, Библиотеку имени Аль-Фараби в КазНУ, отделы редких книг. То есть, обучающиеся имеют возможность сравнить технику изготовления книг разных эпох и стилей, каллиграфии и цветовой гаммы, из разных материалов. Этот эмпирический опыт аккумулируется и затем преобразовывается ими в процессе научных исследований, при знакомстве с специальной литературой, при посещении мастер-классов и действующих издательств.

В университете функционирует издательство «Қазақ университеті» и другие, на базе которых обучающиеся проходят практику. Поскольку город Алматы, экс-столица Казахстана, является финансовым, культурным и научным центром, здесь сложилась в 20 веке замечательная база для совершенствования прикладных навыков в издательском деле. Языковой ландшафт юга Казахстана в сердце Центральной Азии позволяет практиковать печать книжно-журнальной продукции на многих языках, как восточных /казахский, кыргызский, узбекский, близость Китая оказывает влияние на издание книг на языках народов Азии, уйгурский, к примеру/, так и славянских, германороманских и т.д. Информационные технологии сегодня помогают устранить препятствия в деле совершенствования навыков, полученных эмпирически.

На первом курсе магистратуры, обучающиеся изучают курс общей научной подготовки, в который входит дисциплина, раскрывающая научно-методические основы /философию/ познания. Знакомство с IT-дисциплинами закрепляет их навыки работы с компьютером и интернетом. Выпускники магистратуры современного университета проходят подготовку с учетом требований международного рынка труда. Так, обучающиеся, в рамках академической мобильности, выезжают в зарубежные вузы, издательства, принимают участие в международных книжных выставках. И также, могут реализовать свои возможности, приехав учиться в магистратуру в КазНУ им. аль-Фараби, иностранные студенты и молодые ученые.

За каждым магистрантом закрепляется научный руководитель, который курирует процесс исследования и написания диссертации, от начала до ее завершения. Под руководством научного консультанта, магистрант знакомится со специальной литературой, готовит научные статьи для участия в международных конференциях, семинарах. Определенную часть научно-исследовательской работы отводят для проведения социологических исследований и сбора эмпирического материала. Поскольку в Алматы в советское время были сконцентрированы республиканские Телерадиокомплекс и печатные СМИ, здесь дислоцировался Институт повышения кадров

журналистов и работников издательств, то здесь проживают ветераны отрасли. Беседы и интервью со старейшими работниками сферы СМИ, просмотр кинохроники, работа с архивными материалами дают более широкое видение для магистранта, помимо штудирования учебников и лекционных записей.

В городе Алматы расположены крупнейшие государственные архивы: Центральный государственный архив Республики Казахстан /ЦГА РК/, Архив Президента Республики Казахстан /АП РК/, архивные фонды печатных СМИ, где хранятся дела по истории складывания издательской отрасли, журналистики в стране. В библиотеках широкий доступ к книгам, мемуарам. Также методом «оцифровки» в последние годы сформирован фонд редких книг, а также печатной продукции, возвращенный в научный оборот после реабилитации репрессированных в 1920-1930-1950-е годы граждан. В качестве источников доступны также фонды домов-музеев известных деятелей культуры, писателей, журналистов.

Если быть краткими, то поле деятельности для молодых исследователей в указанном направлении большое и ожидает приложения усилий и интеллектуального труда со стороны людей, с новыми идеями и горизонтами. Здесь можно пройти хорошую школу практики и опубликовать творческие работы, оставить свой след в истории изучения региона. Достаточно составить план исследования и следовать ему, сверяясь с ним и корректируя его по ходу работы.

Мультиязычная среда, поликонфессиональность и терпимость граждан сообщества, мягкий климат и условия для занятий спортом составляют привлекательную сторону обучения. Логистика города Алматы вполне соответствует стандартам мегаполисов мира и не препятствует перемещениям обучающихся. Библиотека имени Аль-Фараби университета в кампусе оснащена современным оборудованием, книжным фондом, сюда поступают новейшие научные и периодические издания на иностранных языках. В университете имеется Центр перевода, который оказывает услуги по качественному переводу нужных материалов.

**P.S.** Пока готовился данный материал, пришла радостная весть: МОН РК в ответ на многочисленные ходатайства кафедры и университета утвердил решение о сокращении сроков обучения на бакалавриате по специальности «Дизайн» с 5-ти до 4-х лет! Это означает, что уже с новым набором абитуриентов в текущем году диплом выпускников будет полностью соответствовать стандартам Болонского процесса. Духовная «перестройка», перезагрузка, если угодно, начинается с конкретных шагов государства навстречу арт-отрасли и вопросу подготовки квалифицированных кадров.

**Гюльнар МУКАНОВА,**

*к.и.н., доцент факультета журналистики*



# Күн тәртібінде: өңірдегі медиасауаттылық

**Талдықорған қаласында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы облысы Ішкі саясат басқармасы, Алматы облысының өңірлік коммуникациялар қызметі, Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің ұйымдастыруымен «Тұрақты даму мақсатындағы коммуникация және медиа» атты IV халықаралық PR Көктемгі мектебі өткізілді.**

Көктемгі мектеп қазақстандықтардың сандық жүйені қолданудағы сауаттылығын арттыруға және білім беру, медиа ақпараттық сауаттылық жүйесін дамытуға арналды.

Адамзаттың жаһандық дағдарыстан шығудың жолдарын іздестіруі заңды. Жалпы әлемдік қауымдастық мойындаған дағдарыстан шығудың негізгі жолы – тұрақты даму. Оның басты идеясы – ысырапқа жол бермеу, ресурстарды әділетті әрі тең бөлу, қауіпсіздікті қамтамасыз ету. Осы үдерістердің барлығында маңызды рөл атқаратын, дамудың негізгі факторы – ғылым және білім беру екендігі дау туғызбайды. Тұрақты даму тек экономикалық өсу, инновация және өнімділік ғана емес, әлеуметтік даму мен тұрақтылықтың іргелі міндеттерін де қарастырады. Тұрақты дамудың 17 мақсаты бар. Соның 4-ші мақсаты – сапалы білімге қолжетімділік және өмір бойы оқуға (үздіксіз) мүмкіндік беру. Өңірлерде тұрақты инфрақұрылым қалыптастыру қажет. Сол себепті аймақтарда тұрақты даму мақсатындағы семинар-тренингтердің өткізілуі қажеттілік.

Тұрақты даму теория мен практиканы ұштастыруды, яғни дуалды оқытуды талап етеді. Университеттер енді тек оқу бағдарламаларымен

аталады. Белгілі PR маманы Қ.Домбай абырой-бедел менеджменті тақырыбына тоқталып, компания беделін қалыптастырудың жолдарын баяндады. Компанияның нарықтағы дұрыс позициялануы, ақпараттық кеңістіктегі тиімді іс-әрекеті дәрістің негізгі өзегін құрады. PR саласында ұзақ жылдық тәжірибесі бар маманның: «Компанияның құнына беделі де кіреді. Беделді компанияның бағасы да жоғары. Олай болса, бедел қаржымен өлшенеді. Көп жағдайда компанияның беделін басшысы емес, қызметкері қалыптастырады», – деуі көңілге қонымды. Қ.Домбайдың шеберлік сыныбы тыңдаушылардың қызығушылығын туғызып, аудитория тарапынан қойылған сауалдар көп болды.

Д. Мұхамеджанов қазіргі таңдағы заманауи технологияларға тоқталып, мектеп қатысушыларын хабар жасаудың қыр-сырларына қанықтырды. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ телерадиокөшенінің мысалында студенттік телевидениенің ақпарат берудегі ерекшеліктерін сипаттады.

Factcheck.kz редакторы Д.Смаков пен аталған сайт журналисі Ж.Тлеухан жалған ақпаратты анықтау, тексеру, нақты дереккөздерін білу, фактілермен жұмыс істеу тәсілдерін көрсетіп, ақпаратты тексерудің теориялық және практикалық әдістері туралы өз



ғана айналыспайды, қала, өңір, ел деңгейіндегі өзекті мәселелерді шешуге де белсене қатысады. Яғни, университеттердің қызметі өңірлердегі тұрақтылықты нығайтуға бағытталған ұлттық және халықаралық бағдарламалармен тығыз байланысты болуы тиіс. Осы орайда, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің БҰҰ-ның «Академиялық ықпал» Жаһандық хабына жетекшілік ету мерзімі 2020 жылға дейін ұзартылуы оқу орнына зор жауапкершіліктер жүктейді. Қазіргі таңда Қазақстанның 25 жоғары оқу орны БҰҰ-ның «Академиялық ықпал» бағдарламасына қосылған.

Көктемгі мектепте «Әділ сөз» сөз бостандығын қорғау халықаралық қорының сарапшысы Ғ. Әженова, белгілі PR маманы К. Домбай, «Мінбер» журналистерді қолдау орталығы қоғамдық қорының президенті Е.Кәпқызы, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, ақын Б.Әшірбаев, Factcheck.kz редакторы Д.Смаков, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ телерадиокөшенінің директоры Д.Мұхамеджанов, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ доценті, ф.ғ.к. А.Рожков, «Medianet» халықаралық журналистика орталығы, Factcheck.kz сайтының журналисі Ж.Тлеухан шеберлік сыныптарын өткізді. Қазіргі таңдағы медиакеністік пен PR нарығындағы өзекті мәселелер ортаға салынып, шешілу жолдары көрсетілді.

Көктемгі мектептегі алғашқы шеберлік сыныпты «Рухани жаңғыру және ұлттық журналистика» тақырыбымен Б.Әшірбаев жүргізді. Ол заманға сай жаңғырудағы отандық мәдениеттің алатын ерекше орнына тоқталып, Қазақстанның бірегей тарихы және мәдениеті бар ел ретіндегі әлемдік диалогты айқындау, ұлттық бренд қалыптастырудағы қажеттілікті және ұлттық журналистикаға жүктелетін міндеттерді, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясындағы ұлттық журналистика көтеретін тақырыптарды сараптады.

Бедел – материалдық болмағанымен, жеке адам үшін де, бүтіндей ұжым үшін де аса маңызды актив. Қазіргі заманда беделді басқаруға болады. Бұл ұзақ мерзімді стратегия бедел менеджменті деп

тәжірибелерімен бөлісті. Тыңдаушыларға: «Әрбір адамның шындыққа таласы бар. Сіздер ақпараттағы нақты фактілерге назар аударып, қаншалықты тексерілгенін, қандай дереккөздерге жүгінгендігін, ақпараттың әлеуметтік маңыздылығын анықтай білулеріңіз керек. Әрбір мақаланы тексеруден қорықпау керек. Айтылған пікірді ресми, ашық ресурстар арқылы тексеруге болады», – деген кеңестер айтты.

Көктемгі мектептің екінші күні мазмұнды дәрістермен жалғасты.

Ғ.Әженова медиамәтіндердегі қорлау мен жала жабуға тоқталып, бейнесюжеттерді мысалға келтіре отырып, тыңдаушыларға мол ақпарат берді.

Е.Кәпқызының жасырын камераны пайдалану туралы ұтымды кейстері аудиторияға өте қызықты болды. Ақпаратты дереккөзден, ашық ресурстардан алу әдістері, сенімділігіне көз жеткізу, ақпаратты заңсыз және алдау арқылы алмау, жасырын камераны пайдалануға мәжбүрлейтін жағдайлар, қоғам білуі тиіс ақпаратты тарату және ақпараттың қайнар көзін көрсету қажеттілігі, ақпараттың жеке адамдарға зиянын тигізбеу мәселелері жан-жақты талқыланды. Е.Кәпқызы өзінің шеберлік сыныбын: «Жасырын камераға бару үшін ол ақпараттың қоғамға қаншалықты пайдалы екендігін екішеп алуымыз керек. Яғни, ақпарат алу біздің шындық принциптімізбен сәйкесуі тиіс», – деген пікірмен аяқтады.

А.Рожков тыңдаушыларға жана медиаға арналған коммуникативтік форматтар туралы ақпарат берді. БАҚ-тың қоғамға ықпал ету әдістері, ақпаратты қабылдаудың жана формалары, сторителлинг, PR-дың дәстүрлі және инновациялық құралдары туралы шеберлік сыныбы да ерекшеленді.

Интерактивті формат өткен Көктемгі мектеп қатысушыларға мол ақпараттар беруімен, практикалық тренингтер өткізуімен құнды болды.

**Назғұл ШЫҢҒЫСОВА,**  
ЮНЕСКО, халықаралық журналистика және қоғамдық медиа кафедрасының меңгерушісі

# ВЕЧНАЯ ПСИХОЛОГИЯ

**Меня всегда интересовали психологические декандники, тренинги, школы, поскольку они содержали некую интригу и тайну, которую знали психологи от студентов до мастеров-тренеров. О таких психологических «тусовках» я была наслышана от психологов-студентов и магистрантов, с которыми я работала на протяжении многих лет.**



И вот зимой, в начале 2018 года, когда все продолжали праздновать наступивший новый 2018 год, я отправилась на III Зимнюю психологическую школу, организованную Центром психологических технологий и инноваций при кафедре общей и прикладной психологии факультета философии и политологии КазНУ им. аль-Фараби.

На Зимнюю школу в Алматы прибыли более ста пятидесяти психологов из вузов, школ, колледжей, образовательных центров, организаций здравоохранения, частных предприятий, а также студенты, магистранты, докторанты, преподаватели из разных регионов Казахстана.

Как «театр начинается с вешалки», так и школа начинается с открытия. Открытие было на самом высшем уровне. Наряду с протокольными приветствиями и знакомством с мастерами школы было много живого и настоящего. Чтобы объединить в одно целое 150 участников школы, модератор открытия докторант кафедры общей и прикладной психологии А.Р. Ризулла провела ряд интересных упражнений – психологическую аэробика на «пробуждение» собравшихся, зарядив всех своим позитивом и молодым задором. Здесь я вспомнила своего любимого Клауса Фопеля (которого мне тоже открыл мой магистрант-психолог) с его воркшопами по обучению, сплочению, сотрудничеству, формированию команды, который работал в диапазоне от детей до взрослых.

Программа III Зимней психологической школы охватывала почти весь спектр «вечной психологии» (К.Уилбер). Зимняя школа была организована по ленточному принципу, где слушатель может посетить только три ленты трех тренеров на протяжении всех трех дней. Мне было интересно, что делают психологи, как они работают. Я знала о работе отдельных психологов по книгам, спецлитературе, но я не видела этого «живьем». Поскольку я всегда интересовалась наукой и методологией науки, то я выбрала тренинг доктора PhD, доцента кафедры общей и прикладной психологии КазНУ имени аль-Фараби А.Т. Камзановой «Технологии современной нейронауки в консультировании и психотерапии». Я знала,

что А.Т. Камзанова преподает на английском языке в докторантуре и занимается загадочной нейронаукой, в свое время она была моей студенткой. В школе я встретила и других своих студентов и магистрантов, и своих студентов, с которыми работала в осеннем семестре 2017-2018 года, и тех, кого учила ранее. Вторую ленту я выбрала с интригующим и многообещающим слоганом «Меня мысли – меняем судьбу» доктора психол. наук, профессора, зав. кафедрой общей и прикладной психологии КазНУ имени аль-Фараби З.Б. Мадалиевой. Когнитивная психология также близка философии и науке, и мне было интересно, как она работает в жизни. Третьей лентой стал тренинг «Авторство жизни в терапевтическом пространстве» канд. психол. наук, специализированного терапевта по экзистенциальной психологии, директора центра «Жануям» Ж.А. Смирновой. Проблема смысла жизни является ключевой в философии, мне интересен был психологический срез проблемы. Мне понравилось учиться у профессионалов высокого класса, а особенно, когда ими являются твои ученики. Подобно восточному Учителю, я была горда и счастлива, что мои ученики превзошли меня, пошли дальше меня. Это высшая награда и радость для каждого учителя. Мое любопытство было удовлетворено, но одновременно прошел объективный мощный процесс исцеления души и организма. За эти три дня я побывала на другой планете, в другом измерении и вернулась к другой, обновленной себе.

Организация III Зимней психологической школы была превосходной – от торжественного открытия, самих тренингов и до торжественного закрытия. Я многому научилась в содержательном, организационном, методическом и технологическом плане. Я планирую участвовать в работе Летней психологической школы и посетить тренинги тех мастеров, на которые мне не удалось попасть ранее. Приглашаю и Вас присоединиться ко мне. Чтобы обучаться в психологической школе, не обязательно быть психологом, но обязательно нужно стремиться быть здоровым и счастливым человеком.

**Г.Х. МЯМЕШЕВА,**  
доцент кафедры философии, к.филос.н.



**Алматы қаласы әкімінің орынбасары Мұрат Дәрібаев ҚазҰУ-дың «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығының, технопарктің және «Жасыл технологиялар» орталығының жұмысымен танысты**



## МАССОВЫЕ ОТКРЫТЫЕ ОНЛАЙН-КУРСЫ

**Массовые открытые онлайн-курсы – это феномен, появившийся недавно в онлайн-обучении. Первые шаги по созданию MOOK предпринимались несколько лет назад.**

Терминология «массовый открытый онлайн-курс» был предложен двумя исследователями – Брайаном Александром и Дэйвом Кормье в результате работы над курсом «Connectivism & Connective knowledge».

На сегодняшний день MOOK привлекает большой интерес со стороны средств массовой информации, а также в высших учебных заведениях. MOOK связан с глобализацией и ограниченным бюджетом обучения, что дает многим возможность пройти бесплатно тот или иной курс, который необходим. Это открытый доступ к курсу, средство расширения возможностей онлайн-обучения.

MOOK направлен на поиск решений актуальных проблем онлайн-педагогике, развитие системы онлайн-образования, обсуждение и перспективы развития в становлении «цифровых» университетов и на выявление и анализ механизмов повышения качества онлайн-обучения.

КазНУ им. аль-Фараби не является исключением в становлении и развитии «цифрового» университета. Кафедра уголовного права, уголовного процесса и криминалистики, юридического факультета уже имеет несколько MOOK по разным направлениям как для школьников старших классов, так и для студентов, для повышения уровня своих знаний.

MOOK включает в себя возможность расширить понимание влияния онлайн-обучения на трансформацию образовательных и исследовательских процессов внутри своей организации; проанализировать систему профессионального образования; определить ключевые показатели эффективности и перспективы применения открытых онлайн-курсов в своей деятельности; разработать собственную модель внедрения MOOK в практику образовательной организации; расширить сеть деловых контактов в области онлайн-обучения.

Следует отметить, что на сегодняшний день MOOK еще не идеален, но при этом имеются определенные результаты, которые можно отметить, как привлечение внимания со стороны учителей, педагогов, которые изъявляют желание создать свой курс для слушателя. На наш взгляд, при Вузах следует привлечь библиотеки, чтобы они участвовали в работе MOOK и были движущей силой в использовании и развитии онлайн-обучения.

**Асель ШАРИПОВА,**

*к.ю.н, и.о. доцента*

*кафедры уголовного права,*

*уголовного процесса и криминалистики*



**Қазақстан Республикасы  
Тәуелсіздігінің жариялануына  
байланысты С.М.Киров атындағы  
Қазақ мемлекеттік университетіне  
ұлы ғалым, ойшыл, Шығыстың екінші  
ұстазы – Әбу Насыр әл-Фараби есімі  
берілген болатын. Жетекші ұлттық  
университетке әл-Фараби есімінің  
берілуі біздің ата-бабаларымыздың  
мәдениеті мен тарихын жас ұрпақ –  
студенттерге ұлықтауда аса маңызды.**

Мен, Жәмила Махамбетова әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының аға оқытушысы, психология магистрі, «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандығының» 2-курс тобының куратор-эдвайзері болып жұмыс атқарамын. Менің жетекшілігіммен тобымда білім алып жатқан Айым Азаматқызы өзі қалап түскен мамандығы және де ҚазҰУ-да алған білімі мен тәжірибесі жөнінде ой бөліскен болатын.

Айым Азаматқызы: «Менің бала кезден келе жатқан арманымның бірі – Қазақстандағы жетекші оқу орны – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне оқуға түсу болатын. 11 жыл бойы Алматы облысы, Кербұлақ ауданы, Жоламан батыр ауылындағы Жоламан орта мектебінде білім алып, үздік тамамдадым. Қазіргі білім орнында оқып жатқаным – аяулы ата-анам, сүйікті мектебім мен қадірлі ұстаздар еңбегінің жемісі. Асқақ арманым – ҚазҰУ-дың грант иегері атанғанымды естігенімде төбем көкке жеткендей сезімді бастан кешірдім. Ата-анамның үмітін ақтау – менің ең бірінші мақсатым болатын. Абай Құнанбайұлы: «Ғылым – Алланың бір сипаты. Ғылымды үйренгенде ақиқат мақсатпен білмек үшін үйренбек керек», – демекші, ҚазҰУ-ға құжаттарымды тапсыруға келіп, ұлтыма, еліме әкелер пайдасы көп мамандықты тандау жолы кезіккенде алдымнан шығар асулардың биік боларын сездім. Философия және саясаттану факультетінің деканы, философия ғылымдарының докторы, профессор Әлия Масалимова айтқандай: «Табысты жоғары оқу орны – тек талантты оқытушылар, жетістікке жеткен түлектер ғана емес, сонымен қатар ең ақылды студенттер. Әл-Фараби атындағы



ҚазҰУ еліміздің жетекші жоғары оқу орны деген атты мақтанышымен алып келеді. Бұған дәлел ретінде Ұлттық рейтингте бірінші және әлемдік QS рейтингінде 236-орынға ие болғанымызды мақтанышымен айта аламын. ҚазҰУ-ды тандау арқылы әр жас түлек сапалы білім ала отырып, үлкен өмірге жолдама алады, өзі және ата-анасы қалағандай қазіргі заман ағымындағы бәсекеге қабілетті маман бола алады».

Алғаш ҚазҰУ табалдырығын аттағанымда көңілім саркылмас қуат пен келешегіме деген сенімділікке толды. Өз болашағыма үлкен жауапкершілікпен, мол үмітпен қарай бастадым. Мамандық тандауға келгенде ұзақ ойландым. Әрине тандауыма ата-анам да қатысқан болатын. Ұзақ ойланыстан кейін бір шешімге келіп, философия және саясаттану факультеті, педагогика және білім беру менеджменті кафедрасы «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандығына» тоқталдым. Жасаған тандауым үшін еш өкінген емеспін. Республикамыздағы ең қажетті, сұранысқа ие әрі сауабы мол мамандық деп ойлаймын. Білім алып жатқан факультетім, мамандығым жайлы айта кетсем, философия және саясаттану факультеті 10 мамандық бойынша мамандар дайындайды. Оқу орным негізгі үш тілде білім береді. Ал бағдарламалары шығармашылық ойлау қабілетін

калыптастыруға бағытталған, ақпаратты жана сапалы деңгейде алуға, жүйелік байланыстарды түсінуге көмектеседі. Факультет құрамындағы 6 кафедралық белгілі ғалымдар, тамаша педагогтар тандаған мамандықтарымызды жете меңгеруге, университет қауымдастығына тиесілі екендігімізге сенуге көмектеседі. Әлеуметтік педагог көбінде дамуында, ақыл-есінде ауытқушылығы және кемшілігі бар балалармен жұмыс істейді. Менің ойымша, дамуында ауытқушылығы бар балалармен жүргізілетін жұмыстарды ел болып, жұрт болып қолға алуымыз керек. Біз, «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығының 2-курс студенттері Аружан Саин жетекшілігімен ашылған «Мейірімділік» қайырымдылық қорында педагогикалық тәжірибеден өтудеміз. Онда дамуында, ақыл-есінде ауытқушылығы бар балалармен көптеген коррекциялық, емдік жұмыстар жүргізіледі. Ең бастысы, біздің елімізге шын мәнінде өз мамандығының жетік маманы, жан-жақты дамыған, кәсіби шебер, ізденімпаз, жанашыр, жауапкершілігі мол, нағыз шебер маманның өзі керек екенін түсіндім.

**Айым АЗАМАТҚЫЗЫ,**

*2-курс студенті;*

**Жәмила МАХАМБЕТОВА,**

*педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының аға оқытушысы*

**Білім мен ғылым әлемінде өзінің  
бай дәстүрлерімен танымал  
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ  
қазақстандық элитаның бас  
шеберханасы екендігі бүгінгі күні  
әлемге әйгілі.**

ҚазҰУ-дың басты міндеттерінің бірі – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 2020 жылға дейін кем дегенде екі қазақстандық жоғары оқу орны әлемнің ең үздік 200 университетінің қатарына енуі тиіс деген тапсырмасын орындау.

Әлемдік ЖОО дамуының сапалы көрсеткіштерін бағалау – QS (Ұлыбритания) рейтингтік агенттігінің қорытындысы бойынша, ҚазҰУ бүгінгі күні әлемнің ең үздік 250 университеті қатарына еніп, 236-орынды иеленіп отыр. QS сарапшыларының ұсыныстары бойынша, ҚазҰУ тәжірибесі әлемдегі үздік университеттерде зерттелуде.

Бұл рейтинг университеттің әлемдік ғылым және білім кеңістігіндегі академиялық беделін, жұмыс берушілердің пікірін, жарияланым белсенділігін, халықаралық білім кеңістігіндегі деңгейін, оқытушы және студенттердің ара қатынасын бағалайды. QS Stars рейтингі бойынша, 2018 жылдың сәуір айында университетіміз Қазақстанда алғашқы және Орта Азияда жалғыз университет болып, алғаш рет 4 жұлдыз белгісіне ие болды.

ҚазҰУ – ірі құрылымдық бөлімдердің бірі, Қазақстандағы экономикалық білім мен ғылымның орталығы – Экономика және бизнес жоғары мектебінде бакалавриат, магистратура, докторантурада жалпы саны 2000-ға жуық студенттер білім алуа. Экономиканың барлық салаларына маман даярлайтын 4 ірі «Экономика», «Менеджмент және маркетинг», «Қаржы», «Есеп және аудит» кафедралары қызмет істейді. Ғылыми-

## Бәсекеге қабілетті маман даярлау – басты мақсатымыз



зерттеу жұмысын біріктіретін Экономикалық зерттеу орталығы, халыққа қосымша білім беру мақсатында білім беру орталықтары ашылған, атап өтсек, Бухгалтерлік есеп, аудит және талдау саласындағы инновациялық құзыреттілік, Инновациялық кәсіпкерлік, қаржылық талдау және консалтинг, Техникалық-экономикалық дәлелдеу және жобаларды басқару орталықтары.

Кейінгі кезде бағалы қағаздар нарығы, сактандыру компаниялары, аудиторлық компаниялар, шағын және орта бизнес тарапынан қаржы мамандарына сұраныс көп. Әсіресе «Қаржы», «Салық салу», «Есеп және

аудит», «Қаржы нарығы», «Қаржы аналитигі» мамандары үлкен сұранысқа ие. Мұның өз себебі бар, егер сіз жақсы қаржыгер немесе бухгалтер, салық қаржы және несие саласының білікті менеджері болсаңыз, қай салада болса да жұмыс таба аласыз. Тіпті болмаса өзіңіздің жеке кәсібіңізді, бизнесіңізді қаржылық сауаттылықпен ұтымды жүргізе аласыз.

Экономика деген ұғымның өзін үнемді, ысырапсыз, тиімді шаруашылық жүргізу деп түсінуге болады.

**Б.Ж. ЕРМЕКБАЕВА,**

*Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері,  
профессор, э.ғ.к.*

**ҚазҰУ ректоры F. Мұтанов «Clarivate Analytics» компаниясының  
Ресей және ТМД мемлекеттері бойынша басқарушы директоры O. Уткинмен кездесті**



**Почему вопрос о выборе профессии является одним из самых важных вопросов в жизни? Потому что твоя будущая профессия должна обязательно нравиться человеку и быть его призванием.**

# УЧИТЬСЯ СЕГОДНЯ – ЛИДИРОВАТЬ ЗАВТРА!



©Dosjan BALABEKULY

Многоуровневая система образования КазНУ включает: высшее базовое образование (бакалавриат), высшее специальное образование, магистратуру и докторантуру. Прием в КазНУ осуществляется по государственному образовательному грантам и на договорной основе. Подготовка специалистов осуществляется по более чем 180 специальностям. В связи с новыми реалиями была разработана инновационная учебная программа подготовки бакалавров и магистров, понимающих природу такого понятия, как «общественное здоровье», законы его формирования, основные факторы, влияющие на его состояние.

Выпускники будут востребованы в

органах государственного управления здравоохранения, в медицинских организациях, страховых компаниях, фондах обязательного медицинского страхования, медицинских компаниях и других профильных учреждениях. Казахский национальный университет имени аль-Фараби – ведущее учреждение системы высшего образования Республики Казахстан, первым прошедшее государственную аттестацию и подтвердившее право на осуществление образовательной деятельности по всем специальностям и уровням. КазНУ имени аль-Фараби – лидер Генерального рейтинга вузов Казахстана, первый в истории страны лауреат премии Президента Республики Казахстан «За

достижения в области качества», дипломант Премии Содружества Независимых Государств за достижения в области качества продукции и услуг.

Преимущество обучения по этой специальности именно в КазНУ им. аль-Фараби состоит в том, что за основу образовательных программ взяты учебные программы медицинских факультетов ведущих южнокорейских университетов, так как Южная Корея занимает лидирующие позиции в мире в области здравоохранения. Главными партнерами КазНУ в развитии медицинского направления выступают Сеульский университет и Университет Йёнсе, которые входят в тройку лучших вузов Южной Кореи и в топ ведущих университетов Азии и мира. Ежегодно для обучения и прохождения языковой, а также научной стажировки в зарубежных учреждениях образования и науки направляются свыше 2 тыс. обучающихся КазНУ.

Совместно с южнокорейской клиникой «КангнамСеверанс» Университета Йёнсе КазНУ ведет целенаправленную работу по преобразованию университетского диагностического центра в медцентр премиум-класса. В вышеуказанной зарубежной клинике по специальной программе прошли обучение 18 специалистов КазНУ. В перспективе планируется создание медицинской клиники на 500 мест на основе государственно-частного партнерства. КазНУ всегда был и будет лидером образования в Казахстане.

Если хотите быть востребованным на рынке труда, поступайте в КазНУ им. аль-Фараби.

к.м.н. А.А. БЕЛХОДЖАЕВ;  
ст.преп. М.Т. АДИЛОВА

## «ЖЫЛ ОҚЫРМАНЫ» САЙЫСЫ ӨЗ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ

Жуырда «100 кітап» жобасы аясында дәстүрлі «Жыл оқырманы» байқауы өтті. 2012 жылғы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтановтың бастамасымен әзірленген жоба аясында ҚазҰУ студенті оқуға тиіс үздік отандық және әлемдік авторлардың классикалық шығармалары таңдалды және тізімі жасалды. Мұндағы негізгі мақсат – жастарды кітап оқуға тарту арқылы студенттердің тұлғалық дамуына, ой-өрісін кеңейтуге ықпал ету, белсенді оқырмандарды анықтап, ынталандыру болатын.



Жоба басталған бірнеше жылдың ішінде әл-Фараби атындағы кітапхананың ұйымдастыруымен оқырмандар конференциялары, шығарма авторларымен кездесу кештері және студенттер арасында сауалнамалар жүргізу сынды бірқатар іс-шаралар ұйымдастырылды.

2012 жылдан бастау алған бұл жоба студенттер мен оқытушылар арасында үлкен қызығушылыққа ие болды. Сайыс үш кезең бойынша ұйымдастырылып келеді. Бірінші кезеңде сауалнамалар толтырылып, сұрыпталды. Екінші кезеңде «100 кітап» тізіміндегі поэзия және прозалық шығармалардан үздік үзінділер оқылып, пікірталас өтті. Байқауға қатысушылар тізімге енген шығармалардан алған әсерінен туындаған шығармасына эссе жазды. Ең үздік эссе «Әсерлі шығармалар – асыл ойдың өрнегі» жинақ түрінде екінші мәрте дайындалатын болса, «Қазақ университеті» газетіне де жариялау жоспарланып отыр.

Кеш барысында үздік, ең көп кітап оқыған, жан-жақты білімді, қазақ және шетел әдебиетін жетік білетін «Жыл оқырманы» сайысында ең үздік жеңімпаз атағына география және табиғатты пайдалану факультетінің 2-курс студенті Әзімханов Бақдәулет, философия және саясаттану факультетінің 1-студенті Тасимова Алтынай, филология және әлем тілдері факультетінің 1-курс студенті Сапарова Назым өз зеректілігімен көзге түсті. Жеңімпаздарды кітапхана басшылығы арнайы «Үздік оқырман» дипломдарымен марапаттап, «Step by step» тіл курсы

атынан бір айлық ағылшын тілі курсына жолдама және бағалы сыйлықтар тапсырылды.

Механика-математика факультетінің 1-курс студенті Тобабек Нұрлан осы жобаға арнаған «100 кітап» атты өз өлең жолдарын оқып, Әрхан Гүлдана жүректі тебірентер «Сол жағым сыздайды», Жаркынай Энафияева «Ақ кемеден» үзінді, Жүнісова Айгерім «Гамлеттен» монолог оқып, көзге жас алдырды. Исмаилова Жазира Абайдың «Қара сөздерін», Сапарғалиева Айнаш Есеннің «Ты меня не любишь, не жалеешь», Әлішер Шолпан

М. Мақатаевтың «Күз тырнаралар» атты өлеңдерін тебіреніп оқып берді. Өз өнерлерін көрсеткен белсенді де өнерлі студенттер «Қазақ классикасын оқудағы үздік оқырман», «Шетел әдебиетін оқудағы озық оқырман», «Поэзия оқуларының майталман оқырманы», «Көркем сөздің шебері», «Әл-Фараби атындағы кітапхананың тұрақты оқырманы», «Әл-Фараби атындағы кітапхананың зияткер оқырманы», «Өнерлі оқырман», «Талғампаз оқырман», «Болашақ әдебиет зерттеуші» номинациялары бойынша анықталды. Осы шараға өте белсене атсалысқан география және табиғатты пайдалану факультеті мен филология және әлем тілдері факультеті декандарына диплом табысталды. Осы шараға белсене араласып, демеушілік жасаған «Қазақ университеті» баспа үйі, «Step by step» тіл курсы, «Ақнұр» баспасына үлкен ризашылығымызды білдіреміз.

Жұлдыз МАНАПБАЕВА

## Студенттер – БІЗДІҢ МАҚТАНЫШЫМЫЗ

Заң факультеті, кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасының профессоры, заң ғылымдарының кандидаты Гүлнар Айғаринованың жетекшілік етуімен география және табиғатты пайдалану факультетінің 2-курс студенттері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті – Елбасының қоры, Қазақстан Республикасының Конституциялық кеңесі және zakon.kz ұйымдастыруымен Конституцияның үстемдігін қамтамасыз ету және конституциялық патриотизм мәселелері бойынша эссе конкурсына қатысқаны үшін Қазақстан Республикасының Конституциялық кеңесі атынан сертификаттармен марапатталды. Атап өтсек, Байтұрбай Орынбасар, Есмұханбетова Данагүл, Төреғалиева Жаннат, Тасжанова Анар, Қанафия Мадина, Аққали Медет, Бақтыгерей Назерке, Зиябекова Наргиза, Әскербек Аружан және Таубаева Аружан, Тұрғанбай Аида, Парахатова Ұлжарқын, Ерсінәлі Аида, Динара Рахым, Амангелдина Еркежан, Қожаниязова Жазира, Тұрдақын Майгүл, Дүйсенбай Жұлдыз, Мереке Әсел, Ыдырысова Диана.

Салтанатты құттықтау шарасына заң факультетінің ғылыми-инновациялық қызмет және халықаралық байланыстар жөніндегі декан орынбасары, PhD докторы Ерғали Маратұлы, кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасының меңгерушісі, заң ғылымдарының докторы, профессор Айжан Жатқанбаева, кафедра оқытушысы, з.ғ.к., профессор Гүлнар Айғаринова қатысып, студенттерді құттықтады. Студенттеріміз тек география саласы емес, құқық саласы жағынан да өздерін танытып, жан-жақты екендіктерін көрсетті.

Сондай-ақ кафедра студенттері заң факультетінде V Халықаралық «Фараби оқулары» аясында өткен «Фараби әлемі» атты студенттер

мен жас ғалымдардың V Халықаралық ғылыми конференциясында «Қазақстан Республикасында «жасыл экономика» қалыптастырудың құқықтық мәселелері» секциясы бойынша 2-курс студенті Байтұрбай Орынбасар I дәрежелі дипломмен, Төреғалиева Жаннат II дәрежелі дипломмен, Қанафия Мадина, Тасжанова Анар, Есмұханбетова Данагүл сертификаттармен марапатталғандығын айт кетуге тиіспіз. Студенттерімізді жетістіктерімен құттықтаймыз.

Б.Т. ҚОЖАХМЕТОВ,  
география, жерге орналастыру және кадастр кафедрасының аға куратор-дөвайзері



**26 мая в КазНУ состоится торжественное мероприятие по случаю празднования Дня выпускников**



**Қоғамдағы құнды дүниенің бірі – өнер десек, ол өзінің бағалаушы көрермендерімен өзекті және өмірлі. Ал өнердің уақыт пен кеңістікке бағынбайтын ерекше түрі театр екені даусыз.**

## ТЕАТР ҚОЙЫЛЫМЫНАН ТА ЗАРЫП ҚАЙТТЫҚ



образдарының сәтті шыққаны сонша, олармен бірге қуанып, бірге киналып, жанымызды шүберекке түйіп отырдық.

Иә, ғибрат тұнған, көркемдікке сұғарылған құнарлы қойылымды көре отырып үйренетін нәрсе өте көп. Студент жастар үлкен отбасылық сабақ алды, сезімге сүнгіп, өмір әліппесіне ақыл көзімен үңілді деп ойлаймыз. Олар қандай жағдай болмасын, басына қандай іс түспесін, жақынында қолдап, әр уақытта қасынан табыла білу қажеттігін түсінді. Қойылымнан кейін алған әсерімізбен бөлісіп, талқыладық.

Сенбілік демалыстың рухани азыққа толы болғаны көңіл қуантады. Театрдың адам жүрегінің жібітіп, рухани құндылықтарды қастерлеуге, адамгершілік қасиеттерді қадірлеуге үйрететініне, мол пайдасын тигізетініне тағы да көзіміз жетті. Театр – өмірлік сұрақтар шешім табатын жоғарғы рухани байлық екенін білетін жастар, адам бойындағы ізгі құндылықтардан айырылып қалмас үшін театрға жиі барып тұрған абзал деп түйінделді.

Бұл шешім тез орындалатын сияқты. Жақында факультеттің оқытушы-профессорлар құрамы мен қызметкерлеріміздің, студенттеріміздің Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының иегері, жазушы, драматург Дулат Исабековпен шығармашылық кездесуі өткен болатын. Өте танымды, қызықты өткен әдеби-көркем кеште драматургтың шығармашылығымен жақын танысқан театр сүйер жастар Д.Исабековтың «Жастар театрында сахналанып, жүріп жатқан «Құстар фестивалі» комедиялық фарсының қойылымын да тамашалап қайтты.

**Б.К. ӘБЕНОВ,  
А.М. ҚОЖАНОВА,  
ақпараттық жүйелер кафедрасының  
аға-оқытушылары;  
Н.А. АМАНБЕК,  
«Ақпараттық жүйелер»  
мамандығының 3-курс студенті**

## ЮНУС ӘМІРЕ ЖЫРЛАРЫ ҚАЗАҚ ОҚЫРМАНЫНА ЖОЛ ТАРТТЫ

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, шығыстану факультеті ТҮРКСОЙ кафедрасында «Рухани жаңғыру» және «Айналады нұрландыр» жобасы аясында Юнус Әміре жырларының қазақ тіліне аударылуына үлкен үлес қосқан ақын, аудармашы Дәулетбек Байтұрсынұлымен кездесу ұйымдастырылды.**



Кездесуге ақын, аудармашы Дәулетбек Байтұрсынұлымен қатар Ыстамбұл университеті Фараби суразиялық ғылыми-зерттеу орталығының директоры профессор Абдуллах Қызылжық, Йедитепе университетінің қауымдастырылған профессоры Ариф Аджалоллы және факультет оқытушы-профессорлар құрамы мен студенттері қатысты.

Кешке қатысушылар Түркі дүниесінің көрнекті ақыны, сопылық поэзияның үздік өкілі Юнус Әміренің жақында жарық көрген жырларын қазақ-түрік тілдерінде тыңдай отырып, өмірі, шығармашылығы және жырларының қазақ тіліне аударылуы жайлы мәліметтерге ие болды. Ақын Дәулетбек Байтұрсынұлы тыңдаушыларға сопылық ілімнің көшбасшысы Қожа Ахмет Ясауидың рухани шәкірті Юнус Әміренің илахи жырларын Қазақстанның Түркиядағы елшілігінің қызметкері, аудармашы Мәлік Отарбаевпен бірге «Екі жарты

бір жүрек» болып үш жыл бойы аударғандықтары, аударма өнерінің қиындықтары мен ләззат сыйлайтын жақтары, сопылық әдебиет, Юнустың Аллаға деген шексіз махаббаты жайлы баяндап берді.

Бұл еңбектің жарық көруі және ойшыл ақын Юнус Әміренің қазақ жұртына танылуы, Атажұрт пен Анажұрт арасындағы әдеби байланыстарымыздың нығаюына үлес қосқан Қазақстанның Түркиядағы елшілігінің қызметкері, аудармашы Мәлік Отарбаев пен ұлы ақынның жырларының қазақ тіліндегі көркемдік аудармасын жасаған кең жүректі ақын ағамыз Дәулетбек Байтұрсынұлына, кітап редакторы ақын Кәдірбек Құныпияұлына, ақын, дінтанушы Ерзат Төлешке, кешімізді ұйымдастырған ТҮРКСОЙ бөліміндегі әріптестеріміз бен студенттерімізге және қатысқан барша достарымызға шексіз алғыс білдіреміз.

**Гүлзада ТЕМЕНОВА,  
ТҮРКСОЙ кафедрасының аға оқытушысы**

## «МУЗЕЙ ТҮНІ» ЖОБАСЫНЫҢ БЕРЕРІ КӨП

**Дүниежүзі мәдени қауымдастығының Халықаралық музейлер кеңесінің Бас конференциясында 1977 жылдың 18 мамыры – Халықаралық музей күні деп бекітіліп, жыл сайын дүниежүзінің мұражай қызметкерлері осы күнді өздерінің кәсіби мерекелері ретінде атап өтеді.**

Бүгінгі таңда республикамыздың барлық өңірлерінде музейлер ашық есік күнін өткізумен қатар, жыл сайын әртүрлі тақырыпта «Музей түні» өткізу дәстүрге айналып отыр. Музей түні ең алғаш рет 1997 жылы Берлинде мерекеленіп, «Ең ұзақ музей түні» атауына ие болған. Осыдан кейін басқа көптеген елдерде де тойлау жыл сайын ерекше қарқынмен дамып келеді.

Біздің елімізде бұл шара 2006 жылдан бастап өткізіліп келеді. Оның тарих, археология және этнология факультетінің «Музей ісі және ескерткіштерді қорғау» мамандығында оқып жатқан студенттерге берері мол. Жобаның негізгі мақсаты – еліміздің негізгі мәдени-білімінің ошағы және белсенді әлеуметтік-мәдени мекеме ретінде халықтың назарын музейге аударту, тарихи-мәдени мұраларға арналған бірегей шаралар мен бағдарламаларды ұйымдастыру арқылы музейдің беделін арттыру болып табылады.

Бірнеше жылдан бері факультетіміз ҚР Мемлекеттік Орталық музейімен тығыз қарым-қатынас жасап, «Музей ісі және тарихи ескерткіштерді қорғау» мамандығының бакалаврлары мен магистранттары келісім-шарт арқылы осы жерде іс-тәжірибеден өтуде. Әр жыл сайын музейде бағдарламалар жанартылып, әртүрлі қызықты іс-шаралар қатары толықтырылып отырады. Музейде мерекелер мен атаулы даталар жыл сайын жаңаша кейіпте өткізіледі. Сонғы кезде «Музей түні» ұйымдастырушылар өз алдына тарихи экспозицияларды образдық қойылымдармен көрсетіп, келушілерге өздерін жаңа қырынан таныстыруда.

Демек, қазіргі таңда музей тарихи ескерткіштерді сақтай және қорғай отырып білім берері және тәрбие жұмысын атқарады.

**Б.Ш. СОЛТИЕВА,  
археология, этнология және  
музеология кафедрасының  
аға оқытушысы**

## АҒЫЛШЫН ТІЛІН ӨЗ БЕТІНШЕ МЕНҒЕРУ

**ҚР Президенті Жолдауы бойынша, Қазақстан азаматы толерантты, бағдарламаларды меңгерген және үш тілді болуы керек. Сол бағытта жастардың жұмыс істеуі маңызды.**

Бірінші кезекте, ағылшын тілін меңгеру болып табылады. 85% халықаралық конференциялар мен бірлестіктер ағылшын тілін қолданады, әлемдегі 28% шығатын басылымдар ағылшын тілінде, ғаламтордағы 90% мағұмат ағылшын тілінде сақталады, 50% ғылыми-техникалық мақалалар ағылшын тілінде шығады, міне, ағылшын тілін меңгеру үшін осы себептер де жеткілікті.

Ағылшын тілі әлемге кең таралғандықтан, оны меңгеру әдістері сан алуан. Соның ең негізгі, еңбекті талап ететіні – өз бетінше оқу (Self-Made-Man). Бұл орайда Н.В. Бодровтың «Как изучить английский язык самостоятельно» кітабы бізге көмекке келмек. Жалпы Self-Made-Man деген кімдер? Не үшін олардың тағдырын білу біз үшін қызықты болды? Осы сұрақтарға жауап беріп көрейік.

Алдымен, бізге үлкен әсер қалдырған Николай Александрович Морозов болды. Нағыз ұлтзатқа, ғалым, тарихи адам, ол 16 тілді еркін меңгерген. Өз өмірі туралы повестерінде шет тілін меңгеру жайлы мұра қалдырған. Бұл әдістер қазіргі заман қолданысына ынғайлы, қолжетімді және тиімді болып табылады.

Бай отбасының ұлы болған Николай Морозов 1870 жылдары революциялық идеялармен айналысып, түрмеге қамалады. Сол кезде гамлеттік сұрақпен жеке қалған ол: «болу, әлде, болмау» емес, оның шектік түрі – өмір сүру әлде сүрмеу деген сұрақтарға жауап іздейді. Сол замандағы ауру-сырқаулар бойын билеп, Морозов өмір шегіне тақалғандай болады. Кенеттен пайда болған күш пе әлде жоғарыдан демеген құдірет пе, Морозов күресу жолын бастайды. Күресу ұзақ, қиын және жеңудің аз пайызымен жүргізіледі. Морозов ауру-сырқауды жеңіп, үлкен шайқастан қайтқан батырдай оралады. Ендігі кезекте не үшін өмір сүру деген сұрақ ойға келеді. Түрмедегі ұзақ жылдар, жалғыздық, құтқарушы тек ғылым болды. Морозов бойына химия, физика, математика, медицина сияқты ғылымдарды сіңірді. Сол кездің өзінде француз және латын тілін жетік білгені, оның тіл әлемінде үлкен қаламдар жасауға алғышарт болды. Неміс тілін Робертсон жүйесі негізінде жазылған кітаппен меңгеріп, практиканы қатар алып отырған. Оның алғашқы неміс тілінде оқыған романы «Қараңғылықтан жарыққа қарай» деп аталады.

Оның кілті мынада, ол кітапты алып бір дауыстап оқып шығады, бұл сананың үйренуіне ықпал етеді. Артынша екінші рет оқыған кезде сюжет пайда болады, Морозов үшінші рет оқу арқылы кітаптың мазмұнын толық меңгеріп алатын. Сонымен қатар ол сөздік қолданбай, тек интуиция арқылы сөз мағынасын түсінуге тырысқан. Егер сіз Морозов сияқты жасасаныз, тілді меңгерместен бұрын оған құштарлығыңыз қайтып кетуі мүмкін. Сондықтан, осындай қайратты адамдарды тек жадымызда ұстаған жөн.

Ал, ағылшын тілін өмір стиліңізге сай меңгеруге келетін бірнеше тәсілдер бар. Күніне Морозов сияқты 12 сағат уақытыңызды жұмсамай, 1-2 сағат тілге бөлу жеткілікті. Оның жарты сағатын күнінің бірінші бөлігінде қолдануға болады, ол үшін өзіңізге жүйе құрасыз, мысалы 1000 естілік сөздерден бастап, күніне 100-ден жаттап отырсаңыз, ары қарай 1000 сын есімдер деп жалғастыруға болады. Алынған блок сөздерді аудармасымен бір оқып шығып, кейін қарамай қайталап көресіз, осылай жадыңызға бекітілген мағұматты келесі 15 минутыңызда сөйлемдер құру арқылы қайталап, ағылшынша ойлап үйренесіз. Ол кез келген пікір болуы мүмкін, қағазға қаламмен түртіп қойсаңыз тіптен жақсы болады. Ал келесі жарты сағатты ағылшынша подкасттар тыңдаумен өткізесіз, яғни денгейіңізге сай, ғаламтордан көптеген тақырыптардағы қысқаша әңгімелерді тыңдауға болады, ендігі маңызды бөлігі күні бойына жиналған информацияны қорытып, кешке жақын нәтиже жасау.

Осының қысқаша кестесер Сіздің ашылмаған жаңа әлемге аттануыңызға көмектеседі. Сізге арман жолында тек талмас күш, жігер, ынта тілейміз.

**Ж. МЕРГЕНОВА,  
химия және химиялық технология  
факультетінің 3-курс студенті;  
Жетекшісі Б.Б. ТҮСПІНОВА,  
аналитикалық, коллоидтық химия және сирек  
элементтер технологиясы кафедрасының доценті**

### ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы  
Қазақ ұлттық  
университетінің  
ректораты

### РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор: **Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА**  
Тілшілер: **Айнур АҚЫНБАЕВА, Ақмарал АЛИЕВА**  
Дизайнер – **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**  
Фототілші – **Марат ЖҮНІСБЕКОВ**  
Корректорлар: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Қарлыға ИБРАГИМОВА**

### МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71,  
ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.  
Байланыс телефоны:  
377-33-30, ішкі: 11-94,  
тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:  
**kazuniver2016gazeta@gmail.com**

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп,  
беттелді. АҚ "Алматы-Болашақ" баспаханасында  
басылды.

### Бағасы келісім бойынша.

**Таралымы 1000 дана**

**Тапсырыс: №562**

● Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.

● Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.

● «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.

● Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.